

«Сейфуллин оқулары – 12: Ғылым жолындағы жастар-болашақтың инновациялық әлеуеті» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-12: Молодежь в науке - инновационный потенциал будущего" . – 2016. – Т.1, ч.3 – Б.344-347

АЙМАҚТЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ ЖҮЙЕСІНІҢ РАЦИОНАЛДЫҚ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Шаймерденова А.К.

Нарықты экономикада Республиканың әрбір аймағының экономикалық, әлеуметтік, геополитикалық және т.б. маңыздылығы артады. Аймақтың өндірістерін, қорларын, экологиялық потенциалдарын, әлеуметтік мәселелерін тиімді шешу, сол жердің ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің әлеуметтік – экономикалық жағдайларын жандандырады. Жалпы бұл мәселелерді кешенді шешу, қоғамның экономикалық және әлеуметтік ортасының деңгейін, яғни өмір сүру мен еңбек етуді, тұрғын үй, коммуналдық және тұрмыстық жағдайларын, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениетін және т.б., қалыпты деңгейде жүргізуге, экономикалық қорлар потенциалын тиімді пайдалану және материалды – техникалық базаға титсілі байланысты болады. Елдің экономикалық құрылымы өндірістік күштердің орналасуымен, өндірістік және ғылыми потенциалдармен, сонымен қатар материалдық өндірістің әлеуметтік – экономикалық даму қарқындарымен өзара әрекеттеседі. [1].

Мұндай мәселелерді одан әрі зерттеу қажеттілігі, интеграцияның тиімді нысандарын таңдау, интеграциялық үдерістерді дамыту бойынша коммерциялық және өнеркәсіптік капиталдың әсері, интеграцияланған бірлік құрылымдық бөлімшелерінің экономикалық байланысы, осының барлығы жаһандық қаржы дағдарысы жағдайында өте өзекті.

Аграрлық секторды дамыту стратегиялық тұрғыдан да, экономикалық және әлеуметтік аспекті жағынан маңызды.

Сонымен қатар ауыл шаруашылығы Қазақстан экономикасының негізгі бағыттары және мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізі болып табылады. Бұл инвестициялық ресурстарды пайдалану және ауыл шаруашылығы саласындағы инвестициялық жобалардың тиімділігін анықтау, Қазақстанның ауыл шаруашылығындағы агроөнеркәсіптік интеграцияның дамуы. [2].

Азық-түлік қауіпсіздігінің қазіргі жаһандық жайы адамзат өміріне күрделі қауіп төндіруде. Жер шары тұрғындарының саны өскен сайын халықты азықпен қамтамасыз ету мәселесі де ушығып отыр. 2050 жылы адам

саны 9,5 млрд-қа дейін жетеді деген болжам бар. Сондықтан да азық-түлік дағдарысы және оның алдын алу – әлем жұртшылығын алаңдатып отырған басты мәселе. Қазіргі таңда азық-түлік тапшылығы орын алып, ашаршылықтан зардап шегіп жатқан елдер де аз емес. Дүниежүзінде бүгінгі күні созылмалы аштық дертіне шалдыққандардың саны 925 млн адамға жетеді, бұл Жер шары тұрғындарының 14 пайызына тең. Сондай-ақ әлем елдерінің 29-ы азық-түлік тапшылығын өткір сезінуде. Бұл маңызды мәселе турасында Қазақстан Президенті Н. Назарбаев ШЫҰ мүше мемлекеттері басшыларының отырысы кезінде сөйлеген сөзінде «Қазіргі уақытта әлемдік тұтыну мен табиғат апаттарының салдарынан шикізат пен энергия ресурстары бағасының өсуі азық-түлік өнімдерінің қымбаттауына алып келді. Азық-түлік дағдарысының зардаптары бүкіл әлемдегі әлеуметтік және саяси жағдайдың ушығып кетуіне соқтырады. Бұл жағдайда азық-түлік қауіпсіздігін аймақтық және халықаралық деңгейде тұрақтандырып, үйлестірілген және келісілген әрекеттерді жүзеге асыру шарт», – деп атап өтіп, ШЫҰ-ға қатысушы мемлекеттердің арасындағы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша ынтымақтастықты арттыру керектігін айтқан болатын. Сондай-ақ осы отырыста Елбасы азық-түлік қауіпсіздігі мен суды пайдалану ісінің маңыздылығын ескере отырып, ұйым қабырғасында «Су-азық-түлік» комитетін құру жөнінде бастама көтерген-ді. Қазіргі азық-түлік дағдарысының әлем бойынша белең алып отырған шағында мұндай іс-шаралардың жедел қолға алынып, нақтыланған жүйеде жұмыс атқаруының, азық-түлік қауіпсіздігін сақтауда қосымша резерв жинаудың, сондай-ақ елді азық-түлікпен қамтамасыз етудің бірден-бір бағыты – ауыл шаруашылығында кәсіпкерлікті өрістету, шаруа қожалықтарын кеңінен дамыту, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу саласы мен тамақ өнеркәсібіне аса мән беріп, олардың жұмысын жандандыруды қадағалаған жөн.

Азық-түлік тапшылығының жылдан-жылға артуының бір факторы ретінде жоғарыда халық санының өсуін атап, тамаққа сұраныстың бұрынғыдан еселеніп артып ортырғанын айтсақ, енді бірі соңғы кездегі аграрлық сектордың дұрыс жолға қойылмай, кенже қалуы деуге әбден болады. Сөзіміздің дәлелі, еліміздегі ауылшаруашық өнімдері 1990 жылы ішкі жалпы өнімнің (ІЖӨ) 36 пайызын құраған болса, бүгінде бұл көрсеткіш 4 пайыздан ары аса алмай тұр. Азық-түліктің тек 40 пайызы ғана өзімізде өндіріліп, қалған 60 пайызы өзгенің бақшасынан тасымалданады. Демек, бұл тұста аграрлық сектордың рөлі ерекше. Қазіргі ауыл шаруашылығының шикізаттық сипаты азық-түлік қауіпсіздігіне көп кедергі келтіріп отыр. Осы орайда технологияның кенже қалып отырғаны қол байлап, бүгінгі күні елдегі

ауыл шаруашылығы өнімдерінің басым бөлігін – 80 пайызын шикізат күйінде шығаруға мәжбүрміз. Яғни азық-түлік қауіпсіздігі мәселесінде ерекше мәнге ие отандық өнім, оның ішінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен өңдеуде үлкен жобаларды қолға алып, арнайы бағдарламалар негізінде жұмыс жасау керектігі көрініп тұр. Әлемдік тәжірибелерге көз жүгіртсек, 70-80 жылдары-ақ Германия, Франция, Швеция, АҚШ елдері азық-түлік қауіпсіздігіне бағытталған шаралар бойынша алдымен фермерлердің құқығын ерекше қорғайтын заңдар қабылдаған, аграрлық секторға ерекше мән берген. Демек, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, қайта өңдеу өнеркәсібі экономиканың негізгі бір саласы ғана емес, сонымен бірге ол – азық-түлік қауіпсіздігінің кепілі.

Сондықтан да бүгінде жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік аграрлық саясатқа ерекше назар аударып, оның алдағы уақыттағы даму көрсеткіштері мен негіздерінің қалай көш түзейтініне болжам жасай отырып, заман талабына сай стратегиялық бағыттарына қажетті өзгерістерді енгізуіміз керек. Елімізді азық-түлікпен қамтамасыз етудің бірден бір бағыты – ауыл шаруашылығында кәсіпкерлікті өрістету, шаруа қожалықтарын кеңінен дамыту. Осы орайда айта кетерлігі, қай елде болмасын ауыл шаруашылығының өркенді дамуы алдымен қаржыландыру мәселесіне тікелей байланысты. Дегенмен қазіргі күні банктер ауылға қаржы беруге құлықсыз, инвесторлар да бұл жаққа көп жолай бермейді, елімізде аграрлық саланы бірден-бір қаржыландырушы тек мемлекет болып отыр. Ал ауыл шаруашылығы қомақты айналма қорды қажет ететіндіктен бөлінген қаржының бұл саланың етек-жеңін толықтай жамауға жетпей қалып жататыны да аян. Бұған агросектордың табиғи жағдайға барынша тәуелді сала екенін тағы қосыңыз. Технологияның жедел игерілмеуі салдарынан шикізаттың уақытылы өңделмеуі, өз кезегінде оның арзан бағамен шекара асып жатқаны – жыл бойы жанталасқан шаруалар еңбегінің зая кетіп отырғанының бір көрінісі. Сондай-ақ бұл жерде тікелей жеткізу жүйесінің дамымауы, яғни сатушы мен тұтынушы арасындағы тікелей сауда жасау жүйесінің жоқтығы да – жиналған өнімнің бекер жарамсыз болып, желге ұшуына себеп. Сондықтан да азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде орыны ерекше аталатын агросекторды жан-жақты жоспарлай отырып, дамытудың маңызы мол. Нарық механизмдері түзетілмейінше және егіншілікке одан көп инвестиция салынбайынша әлемнің әртүрлі аймақтарында «ашаршылық көтерілістерінің» бастала берері айдан анық. [3].

Қазақстан экономикасының жүйелі дағдарысы экономикалық тәртіпті өзгерту үшін әрекет етіп, ұштастырылған, аймақтың даму деңгейлерін қуатты саралап жинақтады.

Осылайша, бес жыл 2004-2009 жыл бойы, жан басына шаққандағы ЖІӨ өңірлік дифференсация бойынша жоғары қарай өсу көрсеткішін көрсетті, осы процесті **дивергенция** деп атайды.. Одан әрі облыстық дифференсацияны тереңдетілуі 2009-2014 жылдарда байқалады.[4].

1 – кесте 2004-2014 жылдардағы халықтың жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнімі (мың.теңге)

	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011*	2012*	2013*	2014*
Қазақстан Республикасы	391,0	501,1	667,2	829,9	024,2	056,8	336,5	774,5	917,3	177,0	357,2
Ақмола обл	222,1	263,4	340,0	543,2	641,4	712,1	798,1	177,6	164,6	374,6	494,4
Ақтөбе және Ақтөбе обл	438,1	604,9	748,1	970,5	231,1	122,9	523,1	019,8	245,0	306,4	400,4
Алматы және Алматы обл	163,5	202,1	253,5	337,4	409,2	424,8	537,9	700,8	800,3	935,8	049,5
Атырау және Атырау обл	389,5	727,3	296,2	541,7	626,0	824,7	401,0	833,1	360,3	720,1	229,4
Батыс Қазақстан обл	589,8	659,8	838,6	006,2	339,4	369,1	730,4	299,9	951,0	936,5	183,0
Жамбыл обл	138,8	169,1	191,2	262,8	316,9	339,5	429,0	645,9	762,4	859,4	939,2
Қарағанды және Қарағанды обл	382,3	509,9	690,1	853,5	088,4	127,8	387,7	888,1	916,7	026,6	208,9
Қостанай және Қостанай обл	299,1	356,5	429,5	624,5	789,7	818,1	970,8	380,4	394,0	617,3	656,8
Қызылорда және Қызылорда обл	294,9	394,0	585,2	794,7	075,9	938,8	236,5	561,7	733,0	910,5	842,7

Маңғыстау обл		1	1	1	2	2	2	3	3	3	3
	831,6	174,2	552,9	896,2	631,0	248,8	890,4	489,2	124,3	470,2	984,4
Оңтүстік Қазақстан											
	142,7	161,7	187,6	265,2	310,4	372,1	474,6	622,3	748,5	832,2	907,0
Павлодар және Павлодар обл											
	449,0	516,6	621,3	793,9	153,6	160,8	384,6	182,3	166,4	472,5	423,7
Солтүстік Қазақстан обл											
	226,7	277,9	357,8	487,4	619,0	678,7	790,1	218,0	245,5	370,9	451,1
Шығыс Қазақстан обл											
	270,6	325,4	430,8	563,4	627,9	703,9	889,8	243,9	384,5	562,8	712,5
Астана қ. г. Астана											
	901,7	318,0	701,8	927,0	080,2	189,4	635,7	074,3	601,4	600,9	038,1
Алматы қ. г. Алматы											
	924,4	218,6	792,9	048,9	193,2	306,8	797,3	635,7	161,3	044,5	247,9

Дивергенция процесінің дамуын үш кешенмен түсіндіреді.

Біріншіден, бірте-бірте нарықтық экономиканың элементтерін енгізу арқылы, оның негізінде жатқан өңірлерді, олардың бәсекеге қабілетілігі бойынша және әлсіз жақтарын ескере отырап соған сәйкес бөлуді көздейді, әр түрлі экономикалық құрылым мен халықтың түрлі менталитеті бар аймақтарда нарықтық әдістерін енгізе білу технологиялары табылды.

Екіншіден, айтарлықтай мемлекеттің реттеуші рөлі әлсірейді. Бұл өңірлік дамытуға бюджеттік инвестициялардың азайы бойынша, аймақтық экономикалық және әлеуметтік жағдайының төмендеуі.

Үшіншіден, экономикалық теңсіздік өңірлер арасында пайда болады.

Сондықтан интеграция жүйесін теңсіздік принципі бойынша құру, синергетикалық тиімділікке жетеді: экономикалық дамудың дифференциациясы пайда болып, аймақтар арасында экономикалық даму бұзылады яғни дамыған аймақтар дами береді, ал экономикасы төмен аймақтар төмендей береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Алынған ресурс: <http://www.izden.kz/referattar/kazakstan-tarihy/169>
Ғылыми жұмыстар жинағы. © izden.kz

2. Sholpan Karbetova, Zaira Karbetova 2012 «EFFECIENCY OF INVESTMENT PROJECTS IN AGRICULTURAL PRODUCTION» Actual Problems of Economics ISSN 1993-6788 №9 (135) 2012p- 329-330
3. Азық-түлік қауіпсіздігі – ғаламдық мәселе Құралай МҰРАТҚЫЗЫ мақаласы
4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика

комитеті

Ғылыми жетекші –э.ғ.к.доцент Н.М. Қасқатаев.